

Ұлытау ауданы аумағында тұратын 1993 жылы туған азаматтарды 2010 жылғы әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің 2010 жылғы 15 ақпандағы N 02 шешімі. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 наурызда N 8-16-53 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің орынбасарының 2011 жылғы 07 сәуірдегі N 4-2/187 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің орынбасарының 2011.04.07 N 4-2/187 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес және Ұлытау ауданының әскерге шақыру учаскесіне 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1993 жылы туған азаматтарды тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Ұлытау ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1993 жылы туған азаматтарды Ұлытау ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің әскерге шақыру учаскесіне әскери есепке тіркеу жұмыстары 2010 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында жүргізілсін.

2. Ұлытау ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі бастығының қызметін уақытша атқарушы **Е. Уткельбаевқа:**

1) аудандағы ұйымдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда жұмыс істейтін тіркеуге жататын азаматтардың тізімін сұратып алу;

2) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс беру тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **Т. Садықова** жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Әбдіғалиев

